

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Ханзада малшы болады



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: M. Maillot, Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: E. Frischbutter, Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тыйм салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1



Бір күні Мұса бір мысырлықтың
кұл еврейді ұрып жатқанын көрді.
Мұса перғауынның
сарайында ханзада
ретінде тәрбиеленсе де,
ол да еврей болатын.
Ол құлға
көмектесуге
тиіс еді.

2


Ешкімнің бақылап тұрмағанын көру үшін жан-жағына қарап алған Мұса қатал құл иеленушіге тап берді. Іле-шала болған төбелесте Мұса мысырлықты өлтіріп тастады. Ол оның мәйітін тез жерледі.



Келесі күні Мұса екі еврейдің төбелесіп жатқанын көрді. Ол оларды тоқтатуға тырысқан. Олардың біреуі: «Сен мені мысырлықты өлтіргендей өлтіріп тастамақсың ба?» – деді. Мұса шошып кетті. Кешегі күн туралы бәрі білді. Перғауын да білді. Мұсаға қашып кетуге тура келді. Ол Мадиян деп аталатын жерге бет алды.




Мұса құдық басында демалып отырған кезде, мадияндық діни қызметкердің жеті қызы өз әкелерінің отарын суару үшін науаларды суға толтырды.



Басқа малшылар оларды шетке ысырып тастауға тырысқан. Мұса қыздарды қорғап, оларға көмектесті.



«Сендер үйге ерте оралдыңар ғой», – деді қыздардың әкесі Рәгуел дауыстап. Қыздар неге олай екенін айтып берген кезде, ол: «Сол адамды үйге ертіп келіндер», – деді. Мұса Етор деп те аталатын Рәгуелмен бірге тұрды.



Кейінірек Мұса Рәгуелдің үлкен қызына үйленді.

Мысыр перғауыны қайтыс болды. Құдайдың халқы, еврейлер, әлі де құл болатын. Олар азаптан қалай қатты ыңкылдады! Олар Құдайдан



көмек сұрап қалай сиынды! Құдай олардың жалбарынған үндерін естіді.

Мұса бұл туралы білмеген, алайда Құдай құлдықтағы еврейлерге көмектесу үшін оны пайдалануды жоспарлаған еді. Мұса Мысырды тастап кеткеннен бері қырық жыл өткен. Ол Рәгуелдің малын бағатын малшы болатын. Бірақ ол, шамасы,



Мысырдағы өзінің халқын сағынған болса керек.


9

Бір күні Мұса анадай жерде бұтанын жанып жатқанын көрді. Бірақ бұта өртеніп кетпеді. Мұса неге екенін анықтап білуді ұйғарды.



10

Мұса жақындап келгенде, Құдай оған бұтаның ішінен тіл қатты: «Мұса!» «Мен мұндамын», – деді Мұса. «Тым жақындап келме, – деді Құдай – Аяқ киіміңді шеш, өйткені сен тұрған жер –киелі!»



11

«Мен Өзімнің халқымды Мысырдан алып шығу үшін сені перғауынға жіберем», – деді Құдай. Бірақ Мұса баруға қорықты.



12

Содан кейін Құдай Мұсаға Өзінің құдіретті күшін көрсетті. Ол Мұсаның таяғын жыланға айналдырды.



13

Мұса жыланның құйрығынан ұстаған кезде, ол қайтадан таяққа айналды. Құдай тағы бір белгі берді.



14


«Қолыңды кеудеге қой», –деп бұйырды Ол. Мұса солай етті. Оның қолы алапестен ағарып кетті.



Ол осыны қайталаған кезде, оның қолы сауықты.



Мұса әлі де қарсыласумен болды. «Мен жақсы сөйлемеймін», –деді ол Құдайға. Құдай ашуланды. «Мен Һаронды, сенің ағанды, сен оған айтқан сөздерді жеткізу үшін пайдаланам», –деді Ол.



Мұса Еторға қайтып оралып, өзінің заттарын жинап алды да, Мысырға аттанды.



Құдай Мұсаның ағасы Һаронды Мұсамен тауда кездесу үшін алып келді. Мұса Һаронға еврей халқын мысырлықтардан азат ету туралы Құдайдың жоспарын айтып берді. Екеуі бірге бұл жаңалықты еврей рубасыларына жеткізді. Мұса еврей басшыларына керемет нышандарды көрсеткен кезде, олар Құдайдың өздеріне көмектесетіндерін білді. Олар бәрі бірге Құдайға басып тағзым етті.



Мұса мен Һарон батыл түрде перғауынға беттеді. «Құдай: «Менің халқымды жібер деп жатыр», –деді екеуі оған.



«Мен Исраилді жібермеймін», –деп жауап қатты перғауын. Ол Құдайға бағынғысы келмеді. Құдайға перғауынның пікірін өзгерту үшін Өзінің құдіретті күшін

қолдануға тура келді.



21

Ханзада малшы болады

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Мысырдан шығу 2-5

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."

Забур 119:130

22

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

24

СОҢЫ

10

60

23